

KASE АПТАЛЫҒЫ

05–09 Сәуір, 2021

KASE ОҚИҒАЛАРЫ

- ▲ KASE Басқарма Төрағасының орынбасары болып Ж. Н. Саржақов [сайланды](#).
- ▲ **ХАБАРЛАМА:** 2021 жылдың 31 мамырында, шешімдері сырттай дауыс беру арқылы қабылданатын, "Қазақстан қор биржасы" АҚ акционерлерінің жылдық жалпы жиналысы өткізіледі.
- ▲ **АНОНС:** 16 сәуірде KASE "Эмитент күні" жобасы аясында "Қазақтелеком" АҚ басшылығымен онлайн кездесу өткізеді.
- ▲ KASE Басқармасы Қазақстан Республикасының резидент-ұйымдардың өтімсіз борыштық бағалы қағаздарының әділ құнын есептеу үшін 2021 жылдың екінші тоқсанына кірістіліктің орташа сараланған мөлшерлемелерін [белгіледі](#).
- ▲ "аФинанс" Микроқаржы ұйымы" ЖШС [KZ2P00007297](#) (MFABb1) және "Қазақстан Тұрғын үй компаниясы" АҚ [KZ2C00007086](#) (KZIKb32) облигацияларының KASE сауда-саттығы ашылды.
- ▲ "Halyk Finance" АҚ "Halyk-валюталық" ИУИҚ KZPF00000041 (HFINhv) үлеспұлдары бойынша Биржадағы маркет-мейкер мәртебесіне ие [болды](#).
- ▲ "AgroFinance" ЖШС KZ2P00004229 (AGFNb1) облигациялары айналыс мерзімінің аяқталуына байланысты KASE ресми тізімінен алып [тасталды](#).
- ▲ "Қазақстан Тұрғын үй компаниясы" АҚ [KZ2C00007409](#) (KZIKb34) және "Қазақстанның Даму Банкі" АҚ [KZ2C00007417](#) (BRKZb22) облигациялары негізгі сауда-саттық алаңының "Облигациялар" санаты бойынша Биржадағы листинг процедурасынан өтті.

ЭМИТЕНТТЕРДІҢ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ МЕН АНОНСТАР


- ▲ Қазақстанның қаржы министрлігі өзінің МЕУКАМ-120 17-шығарылымын ([KZKD00000899](#), MUM120_0017), МЕУКАМ-180 12-шығарылымын ([KZKD00000840](#), MUM180_0012) және МЕУКАМ-120 17-шығарылымын ([KZKD00000899](#), MUM120_0017) Биржада орналастырып, 18,4 млрд теңге тартты.
- ▲ "ТехноЛизинг" ЖШС өзінің KZ2P00007354 (THLZb3) төрт жылдық облигацияларын өтеуге кірістілігі жылдық 17,00 %-бен Биржада орналастырып, 839,0 млн теңге [тартты](#).
- ▲ "KEGOC" АҚ басшылықтың 2020 жылдағы қызметінің қаржылық нәтижелеріне қатысты түсініктемелерін [усындды](#).
- ▲ "Қазхром" Трансұлттық компаниясы" АҚ 2020 жылдағы және 2020 жылдың екінші жарты жылдығындағы өндірістік қызметінің нәтижелерін [мәлімдеді](#).
- ▲ "Сентрас Секьюритиз" АҚ 2019-2020 жылдарға жай акциялар бойынша дивиденд төлеу және жарғылық капиталдың 806,0 млн теңгеге өсуі туралы [хабарлады](#).
- ▲ "ForteBank" АҚ 2020 жылға KZ000A0F4546 (ASBN) жай акциялары бойынша дивидендтер [төледі](#).
- ▲ АКРА "Азық-түлік келісім шарт корпорациясы" Ұлттық компаниясы" АҚ рейтингін [растады](#).
- ▲ S&P Global Ratings "АТФБанк" АҚ рейтингтерін [растады](#), болжам "Позитивті".

09.04.2021		Трендтер (%)		
KASE Индексі	3 260,79	3,7	10,1	
Өтімділіктің бірінші сыныбы	Цена	Δ 7д	Δ 1м	
НАК Казатомпром	12 775,8	17,0	33,1	
Банк ВТБ	0,3	4,2	13,6	
Kcell	2 446,0	2,8	1,1	
Bank of America Corporation	17 268,0	1,6	9,6	
KAZ Minerals	4 990,0	0,5	8,0	
Freedom Holding Corp.	24 206,0	0,4	13,6	
Народный банк	153,0	0,2	13,0	
Казхателеком	27 319,0	0,1	0,4	
Банк ЦентрКредит	235,0	0,0	8,8	
Казхателеком, прив. акции	13 300,0	0,0	0,1	
KEGOC	1 690,0	-0,1	1,3	
Аэрофлот	432,0	-0,5	1,2	
КазТрансОйл	1 111,0	-0,7	8,6	
Газпром	1 270,0	-1,1	-1,9	
Сбербанк	1 600,3	-1,9	0,4	

Анықтама: жасыл түспен индекстік акциялар белгіленген



Жеке тұлғалар мен бейрезиденттер



KASE индексі 3,7 %-ға өсіп, 3 260,79 пунктке дейін жетті. Индекстік акциялар арасындағы мәмілелердің ең көп саны Халық банкінің жай акцияларымен жасалды – 1 761 мәміле (жалпы үлестің 38,6 %). Сауда-саттықтың ең үлкен көлемі Kcell бағалы қағаздарына келді – 648,4 млн теңге (жалпы үлестің 41,0 %).

Қор нарығының жергілікті индикаторының мәні тарихи максимумды кезекті рет жаңартты, оның басты драйвері апта қорытындысы бойынша бір акцияға 17,0 %-ға өсіп, 12 775,79 теңгеге дейін секірген "Қазатомөнеркәсіптің" жай акциялары болды.

Өсім АҚШ президенті Джо Байденнің энергетикалық және төмен көміртектегі шешімдерге жағандық үрдісті бекітетін таза энергия инфрақұрылымын құру жөніндегі жоспарлары туралы жаңалықтар аясында 2020 жылдың тамыз айынан бастап алғаш рет фунт үшін \$ 31-ден жоғары саудаланатын NYMEX фьючерстерінің оң динамикасы аясында орын алды. Сонымен бірге уран қоры қысқара бастайды, бұл уран өнімдері нарығында тапшылық тудырады.

Лондон қор биржасында (LSE) жұма күні KASE сауда-саттығының жабылу сәтінде "Қазатомөнеркәсіп" ЖДҚ бір акция үшін 11 905,85 теңге бағасымен, баламалы \$ 27,50, саудаланды.

Сонымен қатар, URA уран ETF 2015 жылдың маусымынан бастап ең жоғары деңгейге жетті. Global X Uranium ETF уран өндірумен (оның ішінде "Қазатомөнеркәсіп" бағалы қағаздарын), сондай-ақ ядролық-белсенді компоненттер өндірумен айналысатын халықаралық компанияларға инвестициялайды. Қор 2010 жылдың қараша айында іске қосылды және \$502 млн бағаланады.

Индекс қоржынының акциялары арасында екінші үздік нәтижені Банк ВТБ (Қазақстан) тарапынан компанияның несиелік шектелімінің ұлғаюы туралы жаңалықтар жарияланғаннан кейін, оң трендте қозғалып келе жатқан Kcell (2,8%) бағалы қағаздары көрсетті.


Сонымен қатар, "KEGOC" АҚ 2020 жылға шоғырландырылған қаржылық есеп берушілігі бойынша аудиторлық есепті жариялады, оған сәйкес компанияның таза пайдасы 2019 жылмен салыстырғанда 31 %-ға өсті. KEGOC үлестік қағаздары апта қорытындысы бойынша 0,5 %-ға төмендеді.



Мемлекеттік бағалы қағаздармен репо операцияларының кірістілігі бір күн мерзімге жылдық 8,43 % деңгейіне дейін 23 б. п. азайды. АҚШ долларының кепілдігімен теңгенің қарыз алу мөлшерлемесі 19 б.п. төмендеді және жылдық 8,01 %-ды құрады. Есептік кезеңде бір күнге теңгелік өтімділіктің қарыз алуының орташа көлемі 210,3 млрд теңгені құрады (алдыңғы аптадағы ұқсас көрсеткішке +8,3%).


Инфляция және пайыздық мөлшерлеме

Inflation, 12M MM Index Base interest rate TONIA SWAP-1D




Основные параметры размещения нот НБРК

Апталық орналастыру (←) Айлық орналастыру (←) Үш айлық орналастыру (←)
 Жарты жылдық орналастыру (←) Жылдық орналастыру (←) Айлық кірістілігі (→)
 Апталық кірістілігі (→) Үш айлық кірістілігі (→) Жарты жылдық кірістілігі (→)
 Жылдық кірістілігі (→)



Тәуекелсіз қысық кірістілігі





АҚШ долларының теңгеге шаққандағы бағамы 6,31 теңгеге (1,5 %) 433,15 теңгеге дейін өсті. Сауда-саттықтың жиынтық көлемі \$773,3 млн (өткен аптадағы ұқсас көрсеткіштен -20,4%) құрады. АҚШ долларын сатып алу және сату бойынша мәмілелердің жалпы саны 2406 (өткен аптадағы ұқсас көрсеткіштен -272) құрады. Ең жоғарғы баға бір АҚШ доллары үшін 434,00 теңгені, ең төменгі баға – 426,85 теңгені құрады.

Теңге есептік кезеңнің қорытындылары бойынша АҚШ долларына қатысты позициясын жоғалтуды жалғастырды. Шетелдік инвесторлардың рубльдік активтерден шығуы аясында теңгеге қарсы Ресей рублінің әлсіреуі болды. Рубль мен рубльдік активтерді сатудың негізгі ынталандырушы факторы Украина шекараларының маңайында ресейлік әскерлерінің шоғырлануы туралы жаңалықтар болды.

Бұдан басқа, теңгеге қысым АҚШ долларының әлемдік нарықтағы позициясының нығаюын көрсетеді. Халықаралық қаржы институтының (IIF) деректеріне сәйкес, инвесторлар АҚШ экономикасының перспективаларын жақсарту аясында дамушы нарықтардан капитал шығарады. Осылайша, инвесторлар қаражатының ақпан айында да, наурызда да emerging markets облигацияларынан таза жылыстауы шамамен \$3 млрд құрады. Инвесторлардың АҚШ экономикасына деген оптимизмі доллардың нығаюына және US Treasuries кірістілігінің өсуіне ықпал етеді.


Сонымен қатар, мұнай бағасы аптаның бірінші жартысында АҚШ пен ҚХР елдерінен келген қолайлы статистикалық деректер аясында көтерілді. Наурыз айындағы жеткізілім менеджерлері институтының (ISM) соңғы мәліметтері АҚШ-тың қызмет көрсету секторындағы бақылау тарихындағы ең жоғары белсенділікті көрсетеді, ал Қытайда қызмет көрсету секторын қалпына келтіру наурыз айында да жеделдеді. Бұл жаңалықтар өткен аптада қабылданған ОПЕК+ шешіміне қатысты ағымдағы жылдың мамыр-шілде айларында мұнай өндіруді ұлғайтуға қатысты нарықтың алаңдаушылығын сейілтті. Бұдан басқа, мұнай баға белгіленімдеріне қысым елдің батыс елдерімен және МАГАТЭ-мен ядролық мәмілені сақтауға оралған жағдайда Ираннан мұнай жеткізілімдерінің өсуін күтуде.

Алайда аптаның екінші жартысында мұнай котировкаларына қарсы АҚШ Энергетика министрлігінің (EIA) жаңа деректері ойнады, олар елдегі бензин қорының күрт өсуін көрсетті, бұл әлемдегі отынның негізгі тұтынушысы тарапынан сұраныстың төмендеуінен қорқуды тудырды. Сонымен бірге, EIA деректері сарапшылар болжағаннан гөрі мұнай қорының едәуір төмендегенін көрсетті.

Лондондағы ICE Futures биржасында Brent маркалы мұнайдың маусым айындағы фьючерстерінің құны жұма күні барреліне \$62,98 (-2,9%) деңгейінде жабылды. Мәскеу биржасындағы Ресей рубліне АҚШ долларының бағамы 77,1236 рубльді (+0,8%) құрады.


Ресей рублінің құны 0,0106 теңгеге (0,2%) – 5,6212 теңгеге дейін өсті. Қытай юаны 1,0337 теңгеге (1,6%) – 66,0237 теңгеге дейін қымбаттады. Еуро 16,00 теңгеге (3,2%) – 516,00 теңгеге дейін өсті.

**Шетел валюталарының бағамы
динамикасы**



	Бағасы	Δ 7к, %	Δ 30к, %	Δ 2020, %
— GBPKZT	594,77	1,2	2,0	4,1
— USDKZT	432,94	1,4	3,1	2,9
— EURKZT	513,68	2,5	2,8	-0,5
— CNYKZT	66,10	1,8	2,6	2,5
— RUBKZT	5,62	0,0	-0,9	-0,5

**Brent мұнай құны
USD/баррель**



Анықтама: Кесте мен сызба ҰБ арнайы нарық бағамы негізінде жасалған. ҰБ бағамы KASE бағамымен айырмашылығы болуы мүмкін.



Халықаралық индекстер

Шикізат нарығы

09.04.2021

Атауы	Мәні	Тренд %			Фьючерс 7к	Атауы	Бағасы	Тренд %		
		7к	1а	1ж				7к	1а	1ж
S&P 500	4 128,80	2,7	5,9	48,0	2,3	Мұнай (Brent)	62,95	-2,9	-7,3	100,0
Dow Jones	33 800,60	2,0	4,7	42,5	2,0	Мұнай (WTI)	59,32	-3,5	-7,9	160,6
PTC	1 417,77	-3,3	-4,2	22,7	-3,7	Табиғи газ	2,53	-4,3	-6,2	45,8
ММВБ	2 285,53	0,0	0,0	0,0	-3,7	Мыс	404,00	1,2	0,0	78,8
Hang Seng	28 698,80	-0,8	-0,7	18,1	-0,6	Темір	1 189,50	0,0	-2,8	77,8
SS CSI 300	5 035,34	-2,4	0,6	32,8	-2,1	Алтын	1 743,88	0,9	1,0	3,6
Euro Stoxx 50	3 978,84	0,8	4,2	37,5	0,8	Күміс	25,33	1,5	-3,0	57,8
FTSEuroFirst	4 352,50	0,8	2,8	28,4	0,8	Астық	638,75	4,5	-1,8	14,8
FTSE 100	6 915,75	2,6	2,8	18,4	2,8					
KASE	3 260,79	3,7	10,1	45,3						

Экономикалық оқиғалар күнтізбесі

Валюта

Болжам

Алдыңғы

13.04	ЖІӨ (ж/ж)	GBP		-7,3%
14.04	Шикі мұнайдың қоры	USD		-3,522M
15.04	Жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алуға алғашқы өтінімдер саны	USD	700K	744K
16.04	ЖІӨ (ж/ж) (1 тоқ.)	CNY	18,9%	6,5%
16.04	Өнеркәсіп өндірісінің көлемі (ж/жг) (нау)	CNY	17,2%	35,1%
16.04	Тұтыну бағаларының индексі (ТБИ) (ж/ж) (нау)	EUR	1,3%	1,3%

Анықтама: Күнтізбе KASE пікірі бойынша ағымдағы аптаның экономикалық неғұрлым маңызды оқиғалары

В – миллиард
М – миллион
К – мың

Қазақстанның макроэкономикалық статистикасы

Мәні

Күні

2020 жыл
басына

Жылдық инфляция	7,4%	01.03.21	5,6%
ҚР ҰБ Жалпы халықаралық резервтері, млн USD	34 674	01.02.21	35 638
Қаржы базасы, млрд KZT	9 173,8	01.01.21	8 652,5
Қаржы массасы, млрд KZT	25 392,0	01.01.21	20 875,8
Қазақстанның несие рейтингі	Рейтинг	Күні	Алдыңғы

S&P Global

MOODY'S

FitchRatings

BBB-/A-3
тұрақты

06.03.21

BBB- тұрақты

Ваа3 позитивті

17.02.21

Ваа3 позитивті

BBB тұрақты

20.02.21

BBB тұрақты



"Қазақстан қор биржасы" АҚ

Мекен-жайы: Қазақстан Республикасы,
050040, Алматы қ., Байзақов 280 БЦ
"Almaty Towers"

Тел.: +7 (727) 237 53 00




Корпоративтік веб-сайт



Бізбен байланысыңыз



**Листингілік компаниялардың
корпоративтік оқиғалар
күнтізбесі**



"Осы есетегі ақпараттар мен пікірлерді "Қазақстан қор биржасы" АҚ (әрі қарай - KASE) мамандары әзірледі, . KASE осы есебінде берілген ақпараттардың толық әрі дәл , дұрыс болуына кепілдік бермейді. KASE де, қызметкерлердің біреуі де осы есептің немесе онда ұсынылған мәліметтер мен талдауларың пайдалану нәтижесінде келген зиянға жауап бермейді . KASE осы есепті үнемі жаңартуға жауап бермейді, сондай-ақ осы есепті дайындаған сәттен бастап, барлық өзгерістер туралы хабарлауға жауап бермейді:

1. Қаржы құралдарына түсетін инвестициядан табыс көбінесе нарықтық және нарықтық емес факторлардан туындайды. Көбінесе, инвестордың нақты кірісіне пайыздық мөлшерлемелердің ауытқулары, салық төлеу нормалары, валюталық бағам қозғалысы, бағалы қағаздардың баға белгілеулерін, нарықтық индекстердің, компанияның өндірістік және қаржылық көрсеткіштерін өзгерту, сондай-ақ басқа факторлар;
2. Өткен қорытындылар болашақтағы көрсеткіштердің қандай болатынын үнемі көрсете бермейді. Сонымен қатар, болашақтағы нәтижелер бағасы орындалмайтын ұйғарымдарға негізделген. Кез келген инвестиция мен кірістің құны төмендеуі немесе жоғарылауы мүмкін, оның нәтижесінде инвесторлар барлық инвестицияланған соманы кері ала алмайды. Инвестициялар үшін жалпыға танымал нарық боламын жағдайда инвесторлар түрлі қиындықтарға кездеседі, мәселен олардың сатылуы немесе олардың тәуекелімен байланысты оның құны туралы сенімді ақпарат алудан бастап;
3. Есеп жеке қаржы ерекшеліктер мен оны алатын тұлғалардың мақсатын ескермей жасалған

KASE инвесторларға қандай да бір инвестициялар мен стратегиялардың мақсаттылығын бағалауды ұсынады және қаржы кеңесшілерінің қызметін пайдалануға шақырады.

Есеп берудің барлық құқықтары KASE тиесілі. Осы талдау материалын тарату және/немесе толық өндіру KASE жазбаша келісімінсіз жүзеге асырылады.